

**«Мемлекеттік аудит шеңберінде Ұлттық ресурстарды пайдаланудың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау мәселелері» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел**



*Тұрақты даму тұжырымдамасы іргелі зерттеулер мен ғылыми-қолданбалы әзірлемелерге басымдық береді деп болжайды. Тұрақты даму ұзақ мерзімді ғылыми негізделген перспективаларды анықтауды, дамытуды, жаһандық өзгерістердің жергілікті және аймақтық әсерлерін дамуға біріктіруді және қазіргі уақытта бар ең үздік ғылыми білімді пайдалануды талап етеді. Ғылыми сауаттылық деңгейін арттыру, ресурстарды пайдаланудың қоршаған ортаға теріс әсер етпеуін қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша даму үдерісіне тұрақты мониторинг, бағалау жүргізу қажет.*

*Ғылыми сауаттылық деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым технологиялық дамудың күрделі мәселелері шешіліп, экономикада да соншалықты тиімді шешімдер табыла бермек. Жоғары технологиялық орта және ғылымды қажет ететін технологиялар ғылыми сауаттылықтың рөлін арттырады.*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Экономика және Бизнес Жоғары Мектебінің «Қаржы және есеп» кафедрасының бір топ ғылыми қызметкерлері Қазақстан Республикасы Жоғарғы есеп палатасы жанындағы Зерттеу, талдау және тиімділікті бағалау орталығының бастамашылық еткен*

*іргелі зерттеуді (ЖТН №BR21882352 «Мемлекеттік аудитті дамытудың жаңа парадигмасы мен тұжырымдамасын, менеджмент сапасын бағалау жүйесін жетілдіру және ұлттық ресурстарды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстарды әзірлеу») іске асыруға қатысуда.*

*Осы ауқымды бағдарламалық-нысаналы жоба шеңберінде 2023 жылғы желтоқсанда Экономика және бизнес Жоғары мектебінде «Мемлекеттік аудит шеңберінде Ұлттық ресурстарды пайдаланудың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау мәселелері» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өтті.*

*Халықаралық дөңгелек үстелге докторанттар, магистранттар мен студенттер қатысып, олар мемлекеттік басқарудың жағдайы мен келешегі және тұрақты дамуға қол жеткізу үшін ұлттық ресурстарды пайдалану туралы қосымша білім алды.*

*Дағдылары мен құзыреттері орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағдарланған мамандарды даярлау - дәл осы міндет, оның шешімімен университет ТДМ-ға қарай (ТДМ 4 «Барлығына сапалы білім беру», ТДМ 12 «Жауапты тұтыну және өндіріс», ТДМ 17 «Орнықты даму мүддесіндегі әріптестік») ілгерілеудегі ұлттық прогресс деңгейіне барынша айқын және тікелей әсер етеді.*